

Достижения в области народного искусства, зародившееся устной народной литературой в течение 20-ти лет, так же была сделана научная экспертиза будущего и главных тем.

### Summary

This article is directed to the background of the national art "Aitys" after obtaining independence of our country. The scientific analysis, the main problems of "Aitys" and the achievements which we have reached during 20 years are discussed in this article.

### Özet

Bu makale Kazakistan bağımsızlık aldıktan sonra ulusal sanat "Aitys" konusunda yazılmış. Bu makalede "Aitys" bilimsel analizi, 20 yıl sırasında başarıları ve ana sorunlar.

**А. Хайырым,**

Магистрант,

Сүлеймен Демирел атындағы университет.

Алматы/Қазақстан

## ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНІСІ

Балалар әлемі — өзіндік ерекшеліктері мол, күрделі де қызықты әлем. Сол әлемге еркін еніп, небір нәзік сыр-сипаттарды сезімталдықпен танып, зерделілікпен зейін салу, зергерлікпен бейнелеу — қаламгерлер қауымы үшін үлкен сын.

Балалар үшін әдебиет тек қана рухани азық — базарлық болып қана қоймай, рухани тәрбиеші де болса, қадірі арта түспек. Осы ыңғайда орыс әдебиетінің, шетелдердің прогресшіл бағыттағы озық, ойлы әдебиетінің де игі ықпалы болғанын атап айту жөн. Мәселен, Аркадий Гайдардың «Мектеп», «Тимур және оның командасы», Николай Носовтың «Көңілді семья», «Витя Малеев мектепте және үйде» секілді шығармаларының әсері төл әдебиетіміздегі мектеп өмірін өзек еткен әңгіме, повестерден аңғарылса, Жюль Верннің «Капитан Гранттың балалары», «Он бес жасар капитан», Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо», Марк Твеннің «Том Сойердің таңғажайып істері», «Гекльбери Финнің басынан кешкендері», Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» тәрізді кітаптары әдебиетімізде қызықты хикаялар (приключение), фантастика жанрларының тууына өзіндік себін тигізбеді деу қиын.

Соңғы жылдардағы қазақ балалар әдебиетіндегі жанрлық-көркемдік жаңалықтар дегенде де ең алдымен сол қызықты хикаялар (приключение), балалар фантастикасы жанрларының дүниеге келуін айтамыз. Мәселен, жас фантаст Рысбек Баймахановтың «Шайтанқұмда жоғалған бала» атты кітабындағы осы аттас фантастикалық әңгімесінде туған жердегі құмда келе жатқан баланы аяқ астынан құм жұтып қояды. Әрине, құмға ертегідегідей жан бітіп кеткен жоқ. Бірақ сол бала аяқ басқан тұста құмның тұңғиық тартатын қасиеті бар. Мұның бәрін автор балғын оқырманын сескендіру үшін әңгімелемейді, қайта жаратылыстың осындай жұмбақ, құпия сырын ашуға ынталандырып, батылдыққа баулу үшін суреттейді. Мамандығы физик, жас ғалым-фантаст Рысбек Баймаханов ғылым жұмбағын, дәлірек айтсақ, ғылыми гипотезаны өзіндік ой, позиция айту үшін ұтымды пайдалана білген.

Бұл ыңғайда фантастика саласындағы ізденістер Абдулхамид Мархабаевтың «Арал әуендері», Төлеш Сүлейменовтың «Күн сынығы» кітаптарынан да аңғарылады.

Соңғы жылдары балалар әдебиеті саласына қызықты хикаялар жанрының қанат жая бастауы — қуанарлық жай. Қызықты да күтпеген оқиғалар, тосын шешімдер, шиеленіскен түйіндер жас оқырманды әрқашан қызықтырып, олардың тапқырлыққа, батылдыққа, жігерлілікке баулитыны, қиялын қанаттандыратыны белгілі. Шым-шытырық сюжеттік желілер, соған орай ашыла түсетін күрделі характерлер тағдырлары мен табиғаты балалар ойын шынықтыра түсуге қалай да өзіндік себін тигізбек.

Сайлаубай Жұбатыровтың «Алыстағы аралдар» кітабына енген кітап аттас повесі —

көңілден шыққан сәтті барлау. Оқушы балалардың алыстағы аралға бет алуы, қиындықтан мойымай, қажырлылық, тапқырлық көрсетуі көңілге біршама жылы әсер қалдырады. Рас, Жюль Верннің «Он бес жасар капитанын» еске салатын ұқсастықтар да бар. Екі шығарманың да орталық кейіпкерлері — балалар, екеуінде де теңіздегі дауыл, балалардың батылдықтары суреттеледі. «Он бес жасар капитанда» шым-шытырық оқиғалардың тууына себепкер әлеуметтік жағдайлар, қоғамдық-саяси қайшылықтар болса, «Алыстағы аралдарда» қызықты оқиғалар балалардың құштарлығына, құмарлығына ғана байланысты өрбиді. Бұл арада біз Сайлаубайды атақты жазушының шығармасын мысалға келтіре отырып, өмір айдынының тереңіне бойламай, бетінде қалқып жүрсін деуден мүлдем аулақпыз. Біздің назар аударып отырғанымыз — әдебиетіміздегі творчестволық-рухани байланыстар. Сайлаубай бүгінгі балалардың қиял-құштарлығын жақсы сезініп, кейіпкерлердің іс-әрекетін жүйелеуде де, оқиғаларды оғуе де ысылғандық танытқан. Жюль Верн шығармасындағы теңіз, жалпы табиғат — әлеуметтік теңсіздік, қайшылықтар әлемі ретінде көрінсе, «Алыстағы аралдарда» теңіз, дауыл т.б балалардың батылдығы мен байыптылығын сынайтын, әрі шыңдайтын романтикалық, әсерлі әлем ретінде көрінеді.

Нұржан Мұраталиевтың «Жасыл көлдің құпия тұрғыны» атты көлемді шығармасы да шытырман оқиғаға құрылған. Жасыл көлден таңғажайып, бұрын беймәлім мақұлық көрген қалалық мектептің жетінші класының оқушысы Еркін өзінің кластастары — Дарын мен Сәтке көрген-білгенін, қатты қорыққанын айтады. Ол мақұлықтың сипаты мынадай: «Судың шетінде тостағандай көзі аларып, аузы үңірейген мақұлық маған тесіле қарап жатыр. Түсі қап-кара. Күжірейген арқасы да судан бір шығып көрініп қалды. Және де қолымен судың жағасындағы шоптен ұстай тұрғандай көрінді». [1, 165 б.] Оны бұрын-соңды ешкімге көрінбеген беймәлім деп ойлаған балалардың күтпеген жерден пайда болған жұмбақты шешу жолындағы батыл әрекеттері, іскерліктері оқиғалар үстінде көріне береді. Әрқайсысының табиғаты да танылады. Айталық, Сәт қиялшыл болса, Дарын сөзге де, іске де мығым, шымыр, ширақ, ал Еркін сәл жайбасарлау болғанымен байыпты, үшеуі де адал.

Құпия сырын ешкімге білдірмей өздері ашуға бекем бел байлаған балалардың Жасыл көлге барып, қараңғы түннің қалың құшағында ну қамыстың ішінде баспалап, жұмбақ мақұлықты іздейтін сәттері, жолбарыс даусын естіп, өздері бетпе-бет ұшырасып көрмеген тағы да әлдеқандай белгісіз аңдарға душар болып жүрексінуі, сонда да алған бетінен қайтпай «операцияны» жалғастыруы балғын оқырмандар қызығарлықтай шиеленістіре, әрі нақты, нанымды суреттелген. Екінші кітабын шығарып отырған жас жазушы сондай кетпей, кем түспей, оқиға ағынынан ауытқымай байыпты суреттеуі, характерлерді даралап, солар арқылы өз философиясын аңғарта білуі Нұржанның мүмкіндігін, ізденгіштігін көрсететіндей.

Аталған шығармадағы Дарын, Сәт пен Еркіннің табандылығы, тәртіптілігі, мұқияттылығы олардың тұрғыластарына өнеге болатыны анық. Құпия жөнінде ешкімге тіс жармай, өз дегенін іске асыруға бет алған балалардың Жасыл көлді картаға түсіруі — кез келген үлкеннің де қолынан келе бермейтін шаруа. Жер бедерін анықтау, көлдің ауданын өлшеу, тура жүруге келмейтін тұстарда компасты пайдалану, жұмбақ түбіне жету үшін теңіз жасаған масқалы белгісіз балалармен шайқасу, оларды жеңіп шығу үшін үнемі дене шынықтырумен айналысу - балалар үшін кәдімгідей сын. Және бұл жайлар қарадүрсін, соңында жұмбақ мақұлықтың не екені, белгісіз шабуылшы «шпиондардың» кім екені қиыннан қиыстыра білгендігіне, жалаң оқиғаларды қуалап кетпей, кейіпкерлер психологиясындағы тартысты да қалт жібермей қадағалап отыруына сүйсінесіз.

Алғашында аннотациядағы «шытырман оқиғалы» дегенді оқып, «өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп кетпес пе екен» деп дүдәмалданған едік. Бірақ кәдімгідей көлемді шығарманы «ары қарай не болар екен» деп қызыға бас алмай оқып шыққан соң автордың

жасандылықтан бойын аулақ салатынына куә болдық. Туындыдағы оқиғалар «сірә да бұлай болмаған шығар» деген ойдан гөрі «болуы әбден мүмкін» деген тоқтамға ден қойғызады. Автор өз шығармасының сюжеті тартымды болуы үшін, балаларды қызықтыру үшін сондай «болуы мүмкін» оқиғаларды жинақтаған ғой дейсіз. Мұндай оқиғалы туындылар бүгінгі әдебиетімізде, оның ішінде балалар әдебиетінде жиілеп дүниеге келе бастады ғой. Бұл ретте «Жасыл көлдің құпия тұрғыны» повесін тап мұндай үлкен көлемде, тарау-тарау оқиғалары бірімен-бірі сабақтасып, шиеленісіп жатқан соны сипатты, проблемалық туынды, бүгінгі балалар әдебиетіндегі өзіндік ізденіс деп ашық айту жөн. Ізденіс болатын себебі — шиеленіскен сюжетті балалардың іс-әрекетінен табиғи өріп шығарып, бүгінгі заманның күрделі де көкейкесті мәселелерінің бірі — табиғат қорғау жайында өз пікірін білдіруі. Әрі шығарма «таза» балалар ұғымына лайық, оқиға сабақтау тәсілі де соларға бейімделген. Іс-әрекеттер балалар бойына сырттан күштеп таңылмайды, қайта характерлердің логикасына сай туындап, шығарманың негізгі идеясын айқындауға атсалысады.

Жалпы әлгінде айтылған «болуы мүмкін» дегеніміз, түбін қуалай келгенде, шарттылық қой. Шарттылық дегенді терең ұғынбай, қисынсыз жайлардың қиюын келтіріп тәсіл ретінде малдану — жалпы қазіргі әдебиетімізде бой көрсетіп қалатыны бар. Әсілі, шарттылық дегеніңіз өмір шындығынан алшақтап бұра тартпай, жақындауға ұмтылса, сопы өз тарапынан «толықтырып» жатса ғана немесе көңіл ұйырлықтай түсіндіріп жатса ғана қадірлі, ал, «қой, мынауың өмірде сірә де бола қоймас» деген кесектей күдік тудырып, өмір шындығынан шығандап шалғай жатса содырлы. Нұржан Мұраталиев шығармасына осы аталған екі сипаттың алғашқысы тән.

Нұржан өз повесінде сонымен не айтпақ болды? Шығарма логикасы қайда жетелейді? Балаларды неше түрлі сын сәттерге душар етіп, талай-талай талқыға салу арқылы жас, балғын оқырманды батыл, табанды, тәртіпті, инабатты болындар дегісі келе ме? Мұның бәрі шығармада, әрине, бар. Бірақ шығарманың негізгі логикасынан аңғарылатын мәселе — табиғатты қорғау мәселесі. Бұған дәлел бола алатын бір ғана сәтті мысалға келтірейік. Көл жағасында Дарынға кездескен масканының айтқаны: «Шыққан тегіміз дегенім — табиғат анамыз. Біз одап алыстап кеттік. Сондықтан табиғат біздің анамыз болғысы келмейді. Сырларын да бізден жасырады. Әр түрлі қауіпті аурулардан да қорғамайды. Қайта ол адамдарға ашулы. Өйткені, адамдар оны балаларын — өздерінің бауырларын аяусыз қырып жоюда. Көптеген жан-жануарлар тіпті жер бетінен құрып кетті. Мыңдаған пайдалы өсімдіктер солып барады. Табиғат анасын қорғауда бір қасық қан төкпесе де қорғансыз жануарлардың қанын судай ағызатын адамдар...» депті ол. [1, 73 б.] Жайшылықта жасандылау көрінетін бұл сөздердің дәл сол сәтте дұрыс айтылғанына бірте-бірте көзіңіз жетеді. Өйткені, әлгі масканы табиғатты қорғау қоғамына мүше, жоғары класс оқушыларының бірі екен. Көлдегі құпия «құбыжық» та солардың ісі екен.

Рас, табиғатты қорғау туралы талай туындыларда айтылған. Ш. Айтматовтың «Ақ кемесінде» және осы шығарма бойынша түсірілген фильмде де Бұғы ананың жануарларды адамдардың бауырлары дейтіні бар. Жаңағы масканы да солай дейді. Алайда Нұржанның шығармасында мәселе басқа қырынан қойылып, балалар ұғымына лайық трактовка жасалған. Осы орайда Ирина Токмакованың «СССР-дің қазіргі балалар жазушыларының шығармаларында балалар өмірінің бейнеленуі туралы» атты мақаласында «Балаларда жан-жануарларға деген жаңашырлық, қамқорлық сезімі айқын көріне бастады. Олар табиғатты сақтау және қорғау қажеттігін, өздерінің табиғатпен байланыстылығын және оның алдындағы жауапкершілігін сезінуде» деген пікірін құптауға болады. [2, 98 б.] Расында да бұл сипат Одақтық балалар әдебиетіне, оның ішінде қазақ балалар әдебиетіне де тән. Бұл қазіргі әдеби процесте интеллектуальдық ізденістердің бел алғандығының, балалар үшін қызықты немесе күлкілі жайлар болса жеткілікті деген ойдан жазушыларымыздың ада-күде арылып, заманымыздың толғақты мәселелеріне ыңғайына қарай балалардың да назарып аударып, бейнелеп отырғандығының айғағы.

Соңғы жылдардағы әдебиетіміздің осы саласындағы тағы бір елеулі ерекшелік — жазушыларымыздың балалар әрекетінің психологиялық сырына үңілуге немесе олардың

қылық-қимылын, іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан дәлелдеуге ден қоюы. Мұндай шығармалардан балалар әрі өз құрбыларының тыныс-тіршілігіне, көңіл күйіне, жүрек-лүпіліне, әрі үлкендердің балаларға айтар ақылы мен істерінің арасындағы қайшылыққа куә болады, басқаша айтқанда, автор балғын оқырманға да моральдық мәселенің бір ұшын шығарып көрсетіп қояды. Әрине, балалардың бәрі бірдей ол мәселені сезіп-біле бермеуі мүмкін. Дегенмен, ойға жетелейтіні де сөзсіз. Мысалы, Марат Қабанбаевтың «Арыстан, виолончель, қасапхана және мен» повесінің кейіпкері оқушы Асан Қайырсынов қасапхананы өртемек болады. Оның осы ісі үшін мектеп дирекциясы алғыс жариялайды. Рас, қасапхананы өртемек болғаны үшін мектеп дирекциясы оқушыға алғыс жариялады дегенге ешкім де нанбайды. Бірақ Асанның әлгіндей әрекетке ұмтылуына сенесіз. Өйткені Асан — дүние сырын білуге құштар, сезімтал, арманшыл бала. Ол он бір жасқа толып, өзінің туған күніне арналған кешке жиналған қонақтардың сәті кандай екенін іштей сезіп отырады. Мамасының Тәкеңмен әлсін-әлсін билегенін көрумен бірге, арада екі жыл өткен соң жоғарылап облысқа Тәкең көшіп кеткен күні мамасының «көзі қызарып жүргенімен оның есесіне көкесі карадай көңілденіп, қолдарын қайта-қайта құшырланып ысқылай бергенін» де байқайды.

Асан ойнауға да, сурет салуға да, скрипка тыңдауға да, Галактика құпияларын білуге де құмар. Португал виолончелисі Гаспар Касадонның тақаттосы оның жан-жүрегін билеп алған. Өйткені жасынан скрипка тыңдап, арманшыл әкеңнің ықпалын түйсінген Асан сезімтал. М. Қабанбаев шығарма кейіпкерінің осындай сезімтал, қиялшыл екенін, оның әрекетінің психологиялық дәлелі дәйекті екенін жақсы көрсеткен.

Аталған туындылардың қай-қайсысы да бүгінгі қазақ балалар әдебиетінде балалар психологиясын олардың үлкендермен қарым-қатынасын жан-жақты зерттеу тереңдей түскеніне дәлел. Мұның өзі, түптеп келгенде, жалпы әдебиетіміздегі адам болмысына рухани-интеллектуальдық тұрғыдан үңіле зер салу, замандасымыздың этикалық табиғатын, әлеуметтік психологиясын зерттеу бағытымен сабақтас.

Балаларға арналған шығармалардың ерекшеліктері туралы орыс зерттеушілерінің әсіресе, В.Г.Белинскийдің, Н.Г.Чернышевскийдің, М.Горькийдің одан кейінгі жазушылар К.Чуковский, С.Маршак т.б. еңбектерінде сөз бола бастады. В.Г.Белинский балаларға арналған шығармалардың жас ерекшелігіне байланысты болу керектігін айтса, М.Горький бөлуді ұсынған. С.Маршак балалар әдебиетіндегі стиль мәселесіне назар аудартады. Қазақ зерттеушілері де балалар әдебиеті туралы өз пікірлерін аз-аздап болса да білдіріп жатты. С.Қирабаев "1949 жылғы балалар әдебиеті" деген мақаласында балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптарды айтады: "Балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптар: біріншіден, шығарманың оқиғалы (сюжетті) болуы, Оқиға қызғылықты болып, балаларды өзіне тартып отыруы керек. Екіншіден, балалардың білім дәрежесі, жас өзгешеліктері ескерілуі керек. Балалар үшін жазылған кітаптар әр кластағы баланың өз тіліне, өз білімінің, педагогика тұрғысынан ұстамды, дидактиканың принциптерін қамтуы керек". Ғалым С.Қирабаев бұдан кейін де балалар әдебиеті мәселесіне арналған "Балаларға үлкен әдебиет жасайық" деген мақаласында балалар әдебиетіне қойылатын биік талаптар жөнінде айтады. Және де автор тіл тазалығы мен көркемдігі ең басты талаптардың бірі екеніне мән береді.

Балаларға арналған туындылардың ерекшеліктері туралы, балалар үшін жазылған шығармалардың көкейкесті мәселелері туралы сыншы К.Ергөбековтің құрастыруымен жарыққа шыққан "Сөзстан" кітабының айтары көп. Кітапта С.Маршак, А.Барто, С.Михалков, С.Бегалин, О.Хұрманжанов, С.Омаров, М.Әлімбаев, Б.Соқпақбаев, Ә.Дүйсенбиев, К.Ыдырысов т.б. балалар жазушыларының шығармашылықтары туралы және де балалар әдебиетінің негізгі мәселелері туралы мақалалар бар. "Ақ кеме алыстан барады" деген мақаласында Б.Сарбалаев қазақ балалар прозасындағы өрлеу, өсу туралы айтса, Қ.Ергөбеков "Мейір гүлденген жүрек" мақаласында ақын Ә.Дүйсенбиевтің ақындық шеберлігіне тоқталады. Б.Кенжебаев "Көне дәуірдің көркем мұрасы" деген сұхбатында ауыз әдебиеті мен балалар әдебиетінің байланысына назар аудартады. Осылайша жинаққа енген мақалалар

балалар әдебиетінің проза, поэзия саласындағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы сыр шертеді.

Балалар әдебиетіне арналған зерттеулер қатарына "Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы" айдарымен шығып келе жатқан көп томдықтық алғысөзіне жазылған пікірлерді де қосуға болады. Сол томға шығармасы кірген автордың өмірбаяны, шығармашылығы туралы, ұсынылып отырған туындыға берілетін баға туралы пікір айтылады. Қазақ балалар әдебиетіндегі проза, поэзия саласын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, жалпы балаларға арналған туындылардың қандай болуы керек екені жөнінде мағлұмат аламыз.

#### **Резюме**

В статье рассказывается о структуре, зрелище и облике современной казахской детской литературы. Опираясь на труды и исследования ученых детской литературной прозы, поэзии, мы получаем сведения о том, какие произведения должны быть выпущены для детей.

#### **Resume**

The article blogged about a structure, spectacle and look of modern Kazakh child's literature. Lean of the labours and researches of scientists of Kazakh child's literary prose, poetry, we get information about what kind of product must be produced for children

#### **Özet**

Makalede çağdaş Kazak çocuklar edebiyatının şimdiki halini görebiliriz. Kazak çocuklar edebiyatının şairleri, yazarlarının araştırmacıların araştırmalarından çocuklar için yapılacak edebiyata çocuk bakışının, çocuk ilgilerinin, çocuk kültürünün ve çocuğun dünyasının yansımını bulabiliriz.